

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№21 (090) ЖҰМА

21 маусым 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



Жезқазған қаласында халықты тұрғын үймен қамту мәселесі шешімін таба бастады. Мұның бір дәлелі, жыл басынан бері 33 отбасына пәтер кілті табысталса, өткен аптаның соңында олардың қатары тағы да 60 отбасыға көбейді.

БІР КҮНДЕ – 60 ПӘТЕР

Қаланың Алашахан даңғылы бойындағы жаңадан пайдалануға берілген 34 А-үйдің тұрғындарына пәтер кілтін табыстауға облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы мен облмәслихат төрағасы Бауыржан Шыңғысов арнайы келді.

Жаңа пәтерлердің 13-і - көпбалалы отбасыларға, 15-і жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға, 32-сі халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтарға берілді.

Салтанатты сәтте облыс басшысы биылғы жылы Жезқазған қаласында биыл 270 пәтер пайдалануға берілетінін мәлімдеп, жалпы облыс бойынша тұрғын үй құрылысы қарқын алғанын қуана жеткізді.

- Қазіргі кезде облыстың барлық өңірін қоса есептегенде 36 мың шаршы метрге жуық тұрғын үйдің құрылысы жүруде. Бұл 400-ге жуық баспана деген сөз. Әрине, кезекте

тұрғандар саны баршылық. Сондықтан, біздің міндетіміз тұрғын үй құрылысының барынша қарқынды жүргізілуіне қолайлы жағдай тудыру - деді ол.

Пәтер кілтін алғандардың бірі көпбалалы ана Жанат Есетова еді.

- Біз көптен бергі арманымызға қол жеткіздік. Осындай істің басы-қасында жүрген барша азаматтарымызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ - деді

Жанат Фермебайқызы қуанышын жасыра алмай.

Бір күнде 60 пәтердің кілті тапсырылған жағдай Жезқазғанда көптен бері бола қоймаған оқиға еді. Халықтың ерекше қуанышқа кенелгені де сондықтан. Өйткені, бұл жаңа облыстың ертеңіне деген сенімді нығайта түсті.

А.НҰРТАУҰЛЫ.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00-18:30-ға дейін. Email: Satp_maslihat@krg.gov.kz

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией. Email: Satp_maslihat@krg.gov.kz

► 23 МАУСЫМ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ БАСТЫ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызмет мемлекет пен халықтың арасындағы байланыстырушы көпір болып табылады. Мемлекеттік қызметтің басты мақсаты - халыққа адал қызмет ету және еліміздің мүддесін қорғай білу.

Ал, мемлекеттік қызметші атану кәсіби білімді, жауапкершілігі мол, білікті маман болуды талап етеді. Олар өзгеге үлгі болуы тиіс, яғни ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын - мемлекеттік қызметшілер, себебі олар биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуымен атқарылуы келесі принциптермен негізделеді: заңдылық, қазақстандық патриоттық сезім, іс-әрекет, мемлекеттік қызметжүйесінің біртұтастығы, мемлекет мүдделерінің алдында азаматтардың құқығы, бостандықтары мен заңды мүдделерінің басымдығы, қолжетімділігі, мемлекеттік қызметшілердің өз міндеттерін адалдықпен, бастамашылдықпен атқарып, ерекше маңызды әр түрлі тапсырмаларды орындағаны үшін мадақталып көтермеленуі, бірдей жұмысқа тең еңбекақы алатындығы, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе өз деңгейінде орындамағаны үшін және өз өкілеттігін асыра пайдаланғаны үшін жеке басының жауаптылығы, мемлекеттік қызметшілердің әр үш жыл сайын біліктілігін арттырып отыруы.

Мемлекеттік қызметшінің саналы жаңғыруындағы басты ұстанымның

бірі ашықтық, яғни канцеляризмге, бюрократияға, сөзбұйдаға жол бермеу, кемшіліктер, олқылықтар орын алған кезде шынайы болу. Тағы бір жаңғырудың қағидаты ол мемлекеттік қызметке кіру кезіндегі антқа адал болу. Антты бұзу, анттан аттау әрқашан айыпталып, адамның ар-намысы мен беделіне ойсырата зиян келтіреді, сенім мен құрметтен айырады. Халықтың үкіметке деген сеніміне сызат түсіріп, беделін төмендетеді. Сондықтан, әрбір мемлекеттік қызметші қабылдаған антты адал болуы қажет. Өсіп келе жатқан жас буынның назарына сала кететін мемлекеттік қызметке орналасудағы жаңашылдықтың бірі алдағы уақытта жоғарғы оқу орындарын үздік бітірген түлектер аудан және ауылда жекелеген лауазымдарға конкурстық іріктеусіз орналаса алатындығы. Бұл жаңашылдық жастардың да мемлекеттік қызметке деген бетбұрысына әсерін тигізіп, еңбек жолының алғашқы қадамдарынан бастап адалдыққа, тәртіпке, жауапкершілікке тәрбиелейтін бірден бір қадам болатыны сөзсіз.

**О.ҚАЛИЕВА,
Сәтбаев қалалық
қазынашылық басқармасының
басшысының орынбасары.**

СЫР ЕЛІНІҢ АРДАГЕРЛЕРІ – ҰЛЫТАУ ӨҢІРІНДЕ

Төскейде - малы, төсекте - басы қосылып жататын Сыр мен Қырдың байырғы байланысы бүгінде бұрынғыдан да бетер жандана түскен. Соның бір дәлелі іспетті, сейсенбіде Қызылорда облысы Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев бастаған 60-қа жуық ардагер Жезқазған жеріне табан тіреді.

- Ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай облыс басшылығы Ұлытауға ардагерлердің сапарын ұйымдастыруға ұйтқы болды. Бізге арнайы жайлы автобус бөлді. Ұлытау -тарихи ескерткіштерге бай өлке. Ежелгі дәуірлердің жәдігерлері тұнып тұрған аймаққа бұрын-сонды жолы түспеген ардагерлеріміз бұл қамқорлыққа қуанып қалды. Мақсатымыз - елмен, жермен танысу, білісу, тәжірибе алмасу - деген Серік Әбішұлы ұлытаулық азаматтарға құшақ жая қарсы алғаны үшін алғыс білдірді.

Елімізге танымал жырау Әділхан Қуаңбаев Сыр елінің жүрекжарды сәлемін арнаумен жеткізді.

Қызылордалық ардагерлердің құрметіне жайылған дастарханда олардың сапарларына облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы, облыстық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Сағындық Қожамсейітов, облыс прокуроры Жасұлан Еламанов, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Төлеген Бүкіров, Қ.Сәтбаев атындағы музейдің директоры Кенжал Балкенов сәттілік тіледі.

Ардагерлердің арасындағы ең үлкен ақсақал, сексеннің сегізіндегі Серәлі Әлімбаев ақсақал: -Жасымның ұлғайып қалғанына қарамастан Ұлытауды көріп, тарихи орындарды аралағым келді. Сондай мүмкіндік туғызған Қызылорда



облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, біздерді құрақ ұша қарсы алған Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы бастаған азаматтарға алғысым шексіз. Екі елдің ынтымақты, бірлікті мұрат тұтқан тірліктері табысты бола берсін -деп ақ батасын берді.

**Абдолла ДАСТАНОВ,
Жезқазған.**

Суретте: солдан оңға қарай: Ұлытау облысы Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Сағындық Қожамсейітов, Қызылорда облысы Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев.

СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ 12 МАУСЫМДА ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АЙТЫЛҒАН ҰСЫНЫСТАР МЕН ЕСКЕРТУЛЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Айтылған ескертулер/ ұсыныстар (авторы)	Іс-шараның орындалуы	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушы	Жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасары	Ескерту
12 маусым 2024 жыл						
1	Қожахметов М. Қаладағы автобус аялдамаларының сапасы туралы	Мәселені қарастыру және ұсыныс беру	15.07.2024 ж.	Ә.М. Мұхамбетәлі	А.К. Төлендина	
2	Исмагулов Б. «Әли-193» меншік иелері бірлестігіне сусорғыш беру туралы	Мәселені қарастыру және ұсыныс беру	15.07.2024 ж.	Ә.М. Мұхамбетәлі Е.А. Тоқымбаев	А.К. Төлендина	
3	Ибраева Ж. Отбасылық жатақханада берілген бөлмені ауыстыру туралы	Тұрғын үй қатынастары туралы заңнама шеңберінде түсініктеме беру	15.07.2024 ж.	Ә.М. Мұхамбетәлі	А.К. Төлендина	
4	Шарип М. Қаладағы қоқысты уақытылы жинау және қайта өңдеу туралы	Қоқысты тазалауды қамтамасыз ету, қайта өңдеу мәселесін қарастыру мен ұсыныс беру	15.07.2024 ж.	Ә.М. Мұхамбетәлі	А.К. Төлендина	
5	Құдаспаев Ә. Сәтбаев даңғылы 111 мекенжайындағы ғимаратқа қарама-қарсы Қ.Сәтбаев бюсті орналасқан аумақты жарықтандыру туралы	Рассмотрение вопроса и предоставление рекомендации по освещению	30.09.2024 ж.	Ә.М. Мұхамбетәлі	А.К. Төлендина	

ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕДЛОЖЕНИЙ И ЗАМЕЧАНИЙ НАСЕЛЕНИЯ, ВЫСКАЗАННЫХ В ХОДЕ ВСТРЕЧИ С НАСЕЛЕНИЕМ И.О. АКИМА Г.САТПАЕВ 12 ИЮНЯ 2024 ГОДА

№	Высказанные замечания/ предложения (автор)	Мероприятия по реализации исполнения	Сроки исполнения	Ответственный исполнитель	Контролирующий заместитель акима города	Примечание
12 июня 2024 года						
	Қожахметов М. О качестве автобусных остановок в городе	Рассмотреть вопрос и внести предложение	15.07.2023 ж.	Мухамбетали А.М.	Толендина А.К.	
	Исмагулов Б. Об обеспечении насосом ОСИ «Әли-193»	Рассмотреть вопрос и внести предложение	15.07.2023 ж.	Мухамбетали А.М. Тоқымбаев Е.А.	Толендина А.К.	
	Ибраева Ж. О замене комнаты, предоставленной в семейном общежитии	Разъяснение в рамках законодательства о жилищных отношениях	15.07.2023 ж.	Мухамбетали А.М.	Толендина А.К.	
	Шарип М. О своевременном сборе и переработке мусора в городе	Обеспечить уборку мусора, рассмотреть вопрос переработки и дать рекомендации	15.07.2023 ж.	Мухамбетали А.М.	Толендина А.К.	
	Құдаспаев Ә. Об освещении территории возле бюста К.Сатпаева, напротив здания по адресу: пр. Сатпаева, 111	Организовать выезд на место ответственных служб и дать предложение	30.09.2024 ж.	Мухамбетали А.М.	Толендина А.К.	

ЭКОНОМИКА

В УЛЫТАУ ОБСУДИЛИ ПЛАНЫ ПО СТРОИТЕЛЬСТВУ АЭС

Публичные обсуждения по вопросам строительства АЭС продолжаются в Казахстане.

На встрече с местными жителями и общественными деятелями представители Министерства энергетики, ТОО «Казахстанские атомные электрические станции», Национального ядерного центра, Института ядерной физики и Ульбинского металлургического завода рассказали не только о преимуществах строительства АЭС, но также о безопасности современных атомных станций, уровне воздействия АЭС на окружающую среду и здоровье человека. Добиться снижения энергодефицита за счет современных безопасных атомных технологий – такую цель ставит перед собой наша страна. – Необходимость ввода новых энерго мощностей в Казахстане становится все более острой, – отметила в ходе своего выступления заместитель директора департамента атомной энергетики и промышленности МЭ Гულიмира Мурсалова. – Особенно учитывая ежегодный трехпроцентный прирост потребления электрической энергии, а также износ порядка 70% генерирующего оборудования на существующих станциях. Курс Правительства Казахстана на переход к безуглеродной энергетике, а также наличие в стране сырьевой и производственной базы создают все предпосылки для развития атомно-энергетической отрасли в стране. Стоит отметить, что несмотря на убедительные доводы и цифры в докладах спикеров, мнения улытаусцев разделились. Кто-то ратует за строительство, другие приводят свои аргументы против. Их волнует, к примеру, какая АЭС, если в Казахстане дороги строить не научились? Где гарантии, что в нашей стране не повторятся печальные события Чернобыля и Фукусимы? И наконец, кто вообще будет работать на АЭС, где взять таких специалистов?

И хотя на все эти вопросы прозвучали ответы в самих докладах, эксперты все же ответили на все замечания слушателей. Во-первых, дефицита физиков-ядерщиков в стране нет: Казахстан обеспечен квалифицированными кадрами в сфере атомной энергетики.

– Отечественные вузы готовят специалистов разного профиля, – пояснил Данияр Джансейтов, ведущий научный сотрудник РГП «Институт ядерной физики». – Среди них Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы), Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева (Астана), Восточно-Казахстанский государственный университет им. С. Аманжолова (Усть-Каменогорск) и Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаева.

В текущем году обучаются 253 человека, а с 2011 по 2023 год вузы подготовили 1 649 выпускников, ныне действующих специалистов в сфере

ядерной физики и атомной энергетики. Что важно, квалифицированных специалистов, которых готовили в том числе в более чем 30 иностранных НИИ и вузах США, Европы, России, Турции, Азербайджана, Беларуси.

Тему персонала для атомной станции продолжил генеральный директор ТОО «Казахстанские атомные электрические станции» и один из ведущих спикеров встречи Тимур Жантинкин.

– Существует определенный рынок специалистов-ядерщиков, – сказал он, – у нас есть действующая отечественная система подготовки кадров, которая существует более полувека. В Алматы как минимум три вуза готовят специалистов, которые могут работать на АЭС. Это не только ядерщики, но и энергетики, ведь атомная станция, по сути, обычная тепловая станция, только вместо угольного или газового котла здесь стоит атомный реактор, все остальное – энергетика.

Так что помимо физиков-ядерщиков на АЭС требуются турбинщики, электрики, энергетики и прочие специалисты. В штате АЭС доля ядерщиков составляет лишь 20% от общей численности персонала.


Сегодня в Казахстане в работе три исследовательских реактора. Один находится недалеко от Алматы, два других – в Курчатове, отметил он. Причем на исследовательском реакторе работать сложнее, чем на атомном. И человек, управляющий таким реактором, должен очень хорошо знать его физику, разбираться, как происходят все процессы. Так что квалифицированные специалисты-ядерщики в Казахстане есть.

Кстати, ранее Тимур Жантинкин очень подробно рассказал о преимуществах атомной отрасли в статье, опубликованной в «КП» 28 мая 2024 года.

Многие также хотят знать, во сколько обойдется строительство АЭС и как эти затраты отразятся на стоимости электроэнергии.

– В целом первоначальные инвестиции очень мало влияют на себестоимость генерации, – пояснил Тимур Жантинкин. – Если объяснить проще, то атомная энергия для Казахстана будет безопаснее и дешевле, и это самое главное. В Соединенных Штатах Америки, к примеру, самая дешевая энергия на АЭС. Отпускная цена на шинах станции – 3 цента за кВт.ч, несмотря на то что там атомная станция в эксплуатации обходится дороже. Уже звучали цифры – до 12 миллиардов долларов за два блока. Да, АЭС действительно может столько стоить, но зато и ее проектный срок службы 60 лет.

Конкретный проект по строительству АЭС в Казахстане пока не определен. Из 13 предложений отобрано четыре, представленных Францией, Россией,



Китаем и Кореей. Сейчас «Казахстанские атомные электрические станции» приступили к предварительным расчетам, строится финансово-экономическая модель по стандартному проекту. Кстати, в отличие от ВИЭ (возобновляемых источников энергии) в этой модели учтены обращение с отходами, их переработка и другие процессы – все, что влияет на себестоимость генерации энергии.

Тимур Мифтахович ответил на другой вопрос: «Сможем ли мы обеспечить нормальное функционирование АЭС, если дороги нормально строить не можем?» По его мнению, негатив есть всегда, но с такими настроениями, конечно, ничего не построишь.

– Не надо замыкаться на проблемах одного региона, – сказал он. – У нас есть специалисты, которые работают на мировом уровне. После аварии на Фукусиме (Япония) в наш Национальный ядерный центр поступила масса заказов на исследования. И он продолжает работать по вопросам безопасности ядерной энергетики по заказу японских компаний, сотрудничает с Францией, это работа мирового класса. Казахстанские специалисты работают для ведущих мировых компаний. Я сам долгое время был советником генерального директора МАГАТЭ, еще один мой коллега из Казахстана занимал эту должность. На таком уровне работают казахстанцы!

Когда-то Мангистауский реактор производил не только электричество, но и опресненную воду для населения города и прилегающих районов, тепловую энергию. Это опыт уникальный, ведь мало где атомная энергетика

используется для неэнергетических целей. Развивается в нашей стране и производство изотопов, в том числе для ядерной медицины.

Не стоит опасаться рисков аварий, аналогичных Чернобыльской или той, что произошла на Фукусиме, в Японии, – на этих АЭС были установлены реакторы третьего поколения. Если сравнивать их с современными, то это все равно что самолет, произведенный 50 лет назад, и новый суперсовременный. Вероятность аварии на новых самолетах значительно ниже, уверен эксперт. А вероятность аварии на АЭС равна 10 в минус седьмой степени. Это означает, что если станция будет работать 10 миллионов лет, тогда, возможно, будет одна авария.

– Развитие атомной энергетики является долгосрочной задачей, решение которой обеспечит энергетическую независимость и безопасность Казахстана как минимум на сто лет вперед, – уверен Тимур Жантинкин. – Именно такие сроки службы сегодня рассматриваются для АЭС. Также важно обеспечить переход энергетики на безуглеродную генерацию, если мы хотим поддержать «зеленую» трансформацию экономики страны, устойчивое ее развитие в условиях повышенного внимания мирового сообщества к вопросам климата. Многим сейчас понятно, что без атомной энергетики решить все эти задачи практически невозможно.

Юлия ПУЛИНА,
Жезказган
«Казахстанская правда»,
от 15.06.2024

► АКАДЕМИК ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 125 ЖЫЛ

ЕСТЕЛІКТЕР СЫР ШЕРТЕДІ

Қаныш Сәтбаев туралы естеліктер көп, барлық естеліктердің тоғысқан ортақ өзегі – әлемдік дәрежедегі ғалым әрі биік адамгершілік иесі болғандығын айтады, қайталанбайтын ғажайып тұлға болғандығынан сыр шертеді. 12 сәуір қазақ халқының ғылымына өлшеусіз үлес қосқан Қаныш Сәтбаевтың туған күні, 125 жылдық мерейтойы. Осы орайда шәкірті, Ұлттық ғылым академиясының академигі Досмұхамед Кішібековтің және айтулы ғалымның немере жиені Әлішер Қоғабаевтың естеліктерінен ықшамдап, тақырыпшалар қойып, ұсындық.



Досмұхамед Кішібеков естеліктерінде әйгілі ғалымның үш қырына тоқталады:

Бірінші қыры: әрине, үлкен ғалым

«Білімімен және көрегендігімен бүкіл кеңес одағын мойындатқанын айта кету керек. Жезқазған өндіріс орнын ашу үшін үкімет қаулысы қажет болған екен. Қаныш Сәтбаев осы мәселені қолға алып, Одақтың ауыр өнеркәсіп наркомы Орджоникидзеден қабылдауды сұраған. 1936 жылы 31 желтоқсанда сағат 18:00-де қабылдауға кірген Сәтбаев түнгі бірге дейін тілдесіп, ғалымның білімділігі мен көрегендігіне разы болған Орджоникидзеден қаулы шығартып алған екен», дейді шәкірті.

Екінші қыры: ғылымды ұйымдастырушы адам

«Бүкіл одақ бойынша мықты ғалымдарды және қазақтың маңдайға ұстар азаматтарын жинап, ғылым академиясын ашқаннан кейін, сол ғалымдардың орнын басатын буын дайындады. Ол кісінің алдына аспирантураға түсерде бардым. Ол кезде елімізде зертхана және өзге де қажетті дүниелер жоқ еді. Сондықтан бізді Мәскеуге жіберді, мен сол 25 адамнан құралған алғашқы лекте болдым. Ол кісінің мықты тұстарының бірі – адам тани білетін, сондықтан шәкірттерінен белгілі ғалымдар шықты», дейді Досмұхамед Кішібеков.

Үшінші қыры: өте беделді болса да, кішіпейіл еді

«Мәскеуге барғанымызда Малай бронная көшесінде үлкен жатақхана болды аспиранттар үшін. Үлгермей қалған екенмін, орын болмады. Қаныш Имантайұлы бізді КСРО Ғылым академиясын басқарған Сергей Иванович Вавиловқа тапсырған. Содан Вавилов мені Мәскеудегі ғылым академиясының қонақүйіне орналастырамын деді. Мен бармаймын, ондай ақшам жоғын айттым. Болмай сонда орналастырды, бір тиын да төлеткен жоқ. Аспирантура бітіргенше тегін тұрдым. Бір қызығы Вавилов 21 жылы қайтыс болды, ал мен ол қонақүйде 53 жылы оқуым аяқталғанша тұрдым. Бұл Вавиловтың сөзін құрметтеу, Қаныш Сәтбаевтың беделі деп есептеймін», дейді Д.Кішібеков.

«Алған білімдерім үшін Әбікей Зейінұлына өмір бойы қарыздармын!»



Қаныш Сәтбаевтың үш бауырының (біреуі туған, екеуі ағайындас) бірі – Әбікей Зейінұлы Сәтбаев – халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері, «Алашорда» ұлт-азаттық қозғалысының белсенді мүшесі. Ол Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов және басқа да көрнекті қайраткерлерімен үзеңгілес болды. Қаныштан 18 жас үлкендігі бар Әбікейдің қызметі кіші інісіне көп әсер етті. Анкеталардың бірінде Қаныш Имантайұлы былай деп жазған: «Алған білімдерім үшін үлкен ағайыным, зиялы қауым өкілі Әбікей Зейінұлы Сәтбаевқа өмір бойы қарыздармын деп білемін».

Сол оқиғадан кейін Томск қаласына оқуға кетті

20-жылдардың ортасында Қаныш Имантайұлы Баянауыл қаласындағы

10-учаскенің халықтық қазылар алқасы болып істеп жүргенде оған Есімбай атты бір бай адамды соттауға тура келеді. Оған шығарылған сот үкімін – 10 жылға бас бостандығынан айыру қажеттігін хабарлаған кезде бай кенеттен қатты күліп жібереді. Жас Қаныш одан:

– Ақсақал, не үшін күлдіңіз? – деп сұрайды. Сонда Есімбай:

– Қанышжан, маған 10 жыл бергеніңе мың алғыс, сөйтіп сен менің өмірімді тағы да 10 жылға ұзартып отырсың. Қазір менің жасым 70-те, мен сенің әкең Имантаймен жастымын. Әкеңе менен сәлем айт, – деген екен.

Осы жағдайдан кейін Қаныш көп ойланyp, ақыры үлкен ағасы Әбікейдің айтқан ақылымен Томск қаласына оқуға кетеді.

Қазақстанның металлогениялық ғылымының негізін қалады



Өмірінің соңына дейін ғылымды өте жоғары бағалаған Қаныш Имантайұлы Қазақ тау-кен металлургия институтының қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты, көп жылдардан кейін ол Сәтбаев университеті атанып отыр. Көптеген ғұлама ғалымдармен бірлесе отырып, Қазақстанның алғашқы техникалық жоғары оқу орнының жұмысына қолдау көрсетіп, оның одан әрі дамуына септігін тигізіп отырды. Аталған институттың ғалымдарымен үнемі тығыз байланыста болып, Қазақстанның металлогениялық ғылымының негізін қалады. Оның басқаруымен Орталық Қазақстанның болжамды металлогениялық картасы жасалды.

«Бұл қазақ даласынан келген мыс»

1947 жылы Қаныш Сәтбаев бірнеше ғалымдармен бірге Англияға барады. Сондағы үлкен бір мұражайдан ол таза мыстың ат басындай сынығын көреді. Бұл мыс мұражайға африкалық кен орнынан табылған кен ретінде қойылған екен. Қаныш Имантайұлы оның Жезқазған мыс кенінен табылғанын бірден түсінеді, алайда мұражай қызметкерлерімен салғыласпайды. Олардан лупа сұрап алып, мыстың сынығын әбден қарайды. Ондағы ұсақ-ұсақ құмдардың ізін көріп: «Бұл қазақ даласынан келген мыс», дейді. Ертеңіне мұражай қызметкерлері өз қателіктері үшін ғалымнан кешірім сұрайды.

«Үшінші Алтын жұлдыз менікі емес, Қаныш Сәтбаевтікі»

Жазушы Медеу Сәрсекеев Сәтбаев туралы зерттеу жүргізіп, материалдар жинаған кезінде ауыр машина жасау министрі, КСРО-ның үш дүркін батыры Ефим Павлович Славскиймен кездескенін былай деп еске алады.

Бірде Ефим Павлович өз кеудесіндегі үш Алтын жұлдызды нұсқап:

– Мұның біреуі менікі емес, ол Қаныш Имантаевич Сәтбаевтікі. Бұл Маңғышлақ түбегінде кен орындарын ашқанымыз үшін берілген. Сол жаққа баруымыз керек деп, Қаныш Имантаевич айтқанынан қайтпай, тұрып алған еді. Нәтижесінде біз ол жерден уранның көптеген кенін тауып алдық. Сол үшін де КСРО үкіметі бізге осы сыйлықты берген еді, – дейді.

**Шыңғыс МҰҚАЕВ,
«Egemen Qazaqstan»,
12 Сәуір, 2024жыл.**

► СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТОЙЫ

Сәбит МҰҚАНОВ

Он күндіктің алғашқы сауық кештерінде Леон Исаевич Мирзоян болған жоқ. Бұдан бірер ай бұрын әлде не сырқатын емдетуге Парижға кеткен ол, он күндіктің қорытынды концертінің қарсаңында ғана оралды. Поезбен келіп Белорус вокзалына түскен Мирзоянды қарсы алушылардың ішінде мен де болдым. Қазақ көркемөнерінің он күндігі Москвада жоғары дәрежеде өтіп жатуынан Леон Исаевич хабардар екен. Бұл қызу думанның жаңғырығы радио арқылы Парижға да естіліп, Мирзоян тыңдап отырыпты.

— Александр Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» деген жинағына Ромен Ролланның жоғары баға беруін баспасөзден білеміз, — деді Мирзоян вокзалдан қарсы алушыларға: — Француздар, олардың ішінде париждықтар қазақ музыкасын естуге содан бері құмар екен. Москвадағы қазақ концертін радио арқылы естіген олардың маған жолыққаны «ғажап екен» десті...

Мирзоянның менің өзіме алып келген игілікті хабары — «Сұлушаш» поэма-сының француз тіліне аударылып, Париждағы бір баспада шығуы. Он күндік зор абыроймен аяқталды. Күләш Байсейітоваға «СССР халық артисткасы» деген атақ берілді. Қазақтың бірнеше артистері мен артисткаларының кеуделеріне ордендер тағылды. Қазақ көркем әдебиетінің өкілдерінен екі адамға Еңбек Қызыл Ту ордені берілді: ауыз әдебиетінің биігі — Жамбыл Жабаевқа, жазба әдебиеттің биігі — Сәкен Сейфуллинге.

Он күндік мерекесі өткеннен кейін, мен Леон Исаевич Мирзоянға жолықтым да, алдағы жазда Сәкен Сейфуллиннің әдебиеттік еңбекке кірісуіне 20 жыл толуын Қазақстанда тойлауды өтіндім. Неге өйтуді дәлелдемек болғанда: — Білем, — деді Мирзоян, — Сәкеннің өміріне де, ісіне де қанықпын. Ол шын мағынасында революционер-большевик, қазақтан шыққан бірінші пролетариаттық жазушы. Юбилей өткізу жайында ойланайық. Жолдастармен ақылдасайын. Өзім хабарлайын.

Хабарланған күні барсам, Сәкеннің юбилейін алдағы июль айында өткізетін бопты. Мирзоян маған бір ұсыныс айтты. Кеше кеңескенде мен оған диссертациямды Москвада жаз ортасында қорғап, Алматыға күз оралуымды айтқам. Ол үндемеген. Бүгін айтқаны: — Сіз не үшін оқыдыңыз? Ғалым, я педагог болу үшін бе? Білімді жазушы болу үшін бе?

— Әрине, соңғысы үшін, — дедім мен.

— Онда, — деді Мирзоян, — сіз диплом қорғауға уақыт кетірмей, Алматыға тез қайтыңыз да, жазушылар ұйымының жұмысымен және шығармалық істеріңізбен шұғылданыңыз. Ол мені осыған көндірді. Алматыға бара Казкрайком мені Қазақстан жазушылар одағының басқарма председателдігіне тағайындады. Онда менің қолға ерекше алған жұмысымның біреуі — Сәкен Сейфуллиннің әдебиеттік қызметі жиырма жылға толуға байланысты өткізілетін юбилей. Жазушылар одағы бұл жайда бірталай шаралар өткізуге жоспар жасады да, басқарушы орындардың бекітуіне берді.

Юбилейлік жиналыста баяндама жа-

сау маған тапсырылды. «Сәкенді білемін» дейтін адамның бірі болғаныммен баяндамаға даярланғанда оның өмірінің революциядан арғы жағын шалағай білетін боп шықтым. Осы олқылықты толтыру үшін білмейтінімді Сәкеннің өзінен сұрап алмақ боп пәтер үйіне бардым. Ол Карл Маркс пен Виноградов көшелерінің бұрышындағы үлкендеу ағаш үйде тұратын. Кең қорасында жақсы бақшасы болатын. Сәкеннің айтуынша, төрт ұлы, екі қызы болған әкесі Сейфолла өмірінде балаларын қолына да алмаған, сүймеген, іскемеген адам екен. Мен Сәкенді де солай көруші едім. Баланы едәуір жасқа келгенде көрген ол Гүлбаһрамнан туған бірінші қызы Лаураны (28, я 29 жылы туған болу керек) иіскеген де, сүйген де емес деседі. Ал, 1936 жылдың басында туған ұлы — Аянды жақсы көруінде хисап болған жоқ. Үйіне барсам, Аянды мойнына мінгізіп, екі аяғынан қолымен ұстап алған Сәкен қора ішінде серуендеп жүр екен. Келген жайымды естігеннен кейін, Сәкен мақұл, кеңесейік деді де, баланы шешесіне беріп, есігінің алдына қалың боп өскен талдың тасасындағы қуысқа төсеніш, тапал стол, қымыз, ыдыс алдырды да, қою, дәмді қымызды ішіп отырып кеңеске кірістік. Мен одан революцияға дейінгі өмірін қысқаша баяндап беруді өтіндім. Ендігі сөзді, сөз араластырмай, Сәкеннің өзіне берейік.

«Мен қазақтың «Арқа» аталатын кең, даласының нақ ортасында туып өскен адаммын. Арқада Ор, Аба дейтін, төбесіне атпен шауып шығатын екі тау бар. Менің ата мекенім Аба тауының қойнауында Қарашілік деген жер. Абаның бойы толған бұлақ. Көктемде тасып күз үздік-үздік қара су боп кететін Жаман дейтін өзен де бар. Таудың салаларына қайыңы, терегі, талы, шілігі аралас қалын, орман өседі. Қыраттары қызғылт бұйра тас. Тау төбесіне шықсаң, алыста адақтай біткен шоқылардан басқасы, ұшықырына көз жетпейтін кең дала. Мен туған даланың, ауылдары қысты күні тау сағаларында қыстайды да, жаз алысқа көшіп, Абадан бес-алты жүз километрдей жердегі Ақмола қаласына таянып барады. Біздің ауылға ең жақын қала — осы Ақмола, ең жақын село — орысша «Успенский», қазақша «Нілді» аталатын мыс руднигі, ол Абадан 150 километрдей. Біз қазақтың Арғын аталатын руына жатамыз. Оның ішінде Қуандық, оның ішінде — Тоқа. Тоқаның өзі бертінде бес-алты болыс ел болды. Тоқа ішінде бізді Мырзамбет дейді. Одан — Ескене, одан — Байбек, Одан — Жәнібек, одан — Оспан, одан — менің әкем — Сейфолла. Жәнібек Тоқа ішіндегі бай тұқымның да, мықты тұқымның да бірі болған. Оспан жас жігіт кезінде өледі де, Сейфолла бір жарым жасында жетім қалады. Алты жасында шешесі өледі. Оны Оспанның туған ағасы — Мақажан тәрбиесіне алады. Мақажан бай да, мықты да болған кісі. Сейфолланы ол бұла ғып өсіреді де, 18 жасында үйлендіріп енші береді. Әйелінің аты — Жамал. Әкем одан басқа әйел алған емес. Жамалдан: мен, Мәлік, Әбен, Мәжит деген төрт ұл, Рахима, Сәлима деген екі қыз, барлығы — алты бала болдық.

Менің ата-бабаларымның түстері жирен-сары болған. Әкем де солай. Інім — Мәжиттің Орымбек дейтін ұлы



мен (1930 жылы туған), Рымжан деген қызы (1932 жылы туған) жирен-сары боп аталарына ұқсаған. Сондықтан да ол екеуін жақсы көрем. Жамалдың балалары түгелімен өзіне тартып, қоңыр өңді, қара шашты, қара сақал-мұртты болды. Менің де кескін-кейпім, түр-тұлғам аумаған шешем. Ол бойшаң, сымбатты, кескінді кісі еді. Бай туысының қолында бұла боп өсуден бе, табиғаты солай ма — әкем жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы, тигіш мылтық ұстап, серілік құрған адам. Өзі көздегенін құтқармайтын мерген болған. Тазысы мен бүркітіне бір жылдың сонарында жүз шақты түлкі мен қасқыр алдырған шағы бопты. Өте домбырашы, гармоншы, дойбышы адам. Өнді де бірсыдырғы жақсы айтады. Шешем сабырлы, ақылды, балажан, ер күткіш, үй күткіш әйел еді. Әкем не серілік құрып, не аңшылап... дегендей жыл тәулігінің көбінде үйде болмайтын, «дөңгелек қана дәулеті бар» дейтін шағын шаруамызды туыстар бағысатын (шаруа дегенім — мал ғана. Мен туған өлке малдан басқа шаруамен шұғылданбайтын), бала-шағасын шешем ғана тәрбиелейтін. Балаларын ол әдепті, ынсапты, мінезді ғып өсіруге тырысты. Мәліктен басқамыз солай боп өстік қой деймін. Мәлік шадырлау, жанжалқойлау, төбелескектеу болып өсті.

Мен туған өлкеде мектеп, медресе деген оқу орындары болған емес. Бар оқытушы — «тіл сындырғыш», ескішіл, надан молдалар. Бала кезімде әкешем мені осындай молданың біреуіне сабаққа беріп, қадым оқуыммен мұсылманша хат таныдым. Бірақ, әкем мұнымен қанағаттанбай, орыс оқуына беруді қиял етіп жүрді. Бір жылы мен он жастан аса берген шақта, Нілді заводына жұмысқа бара жатқан біреу кеп қонып, әкем «сонда барып орысша оқы» деп мені ілестіріп қоя берді. Нілдіде мен алғашқы жылы саудагерлеу бір орыстың үйінде қолбала боп жұмыс істеп, аздап орысша тіл үйрендім. Содан кейін завод қасындағы екі кластық орысша мұнымен оқуға түстім. Бұл заводтың ағылшын капиталистінің билігіндегі кезі. Жұмысшылары -қазақтар. Аздап орыс та бар. Тұрмыстары нашар: ақыны аз алады, шахта жұмысы ауыр, жатақ үйлері жаман, лас, еңбек қорғау деген жоқ, шахта құлап талайлар мерттігіп, талайлар өліп жатады... Олардың құнын сұрайтын ешкім жоқ!

Сұрағанмен бере ме? Ағылшын мен оның шабармандары жұмысшыларды ит-қорлықта ұстайды... Көнбейін десе - басқа тамақ асырар жері жоқ... Мал дегеннен — ада. Күшінен басқа сенері жоқ... Ауылда да тұршылықта тұратын кедейлер, жалшылар болады ғой. Жұмысшылардың тұрмысы олардан әлдеқайда ауыр... Осындай ауыр халдегі жұмысшылар 1905 жылдың қысында көтеріліс жасады. Бір күні ертемен оянып сабағым баруға тысқа шықсам, Нілдінің ойлы-қырлы тақыр далаға орнаған поселкесінің іші азан-қазан, у-шу!.. Өне жерде де, мына жерде де топталып жүрген адамдар!.. Қолдарына Қызыл жалау ұстаған!.. «Бұ не?!» деп жақындасам, жұмысшылар ағылшын капиталисті тұратын үйді де, конторды да қамап алты. Сөздері — «жұмыс сағатын азайт!.. Ақымызды көбейт!.. Тұрмысымызды жақсарт!..» Капиталист тығылып қалған... Шабармандары үйді қамаған жұмысшыларды ерең ұстап тұр... Не істерін білмей сасқан капиталист маңайдағы қазақ ауылдарының байларына, өкімдеріне кісі шаптырып, олар жұмысшыларға «тілектеріңнің бәрін орындатамыз» деп уәде береді, көнбейін десе, «ендеше елден жігіт жинап әкелеміз» деп қоқан-лоқы жасайды. Жұмысшы аз (екі мыңдай), қарулары жоқ, ел көп, одан көп жігіт жиналса төтеп бола алмайды және ағылшын да «тілектерін орындаймын, Ақмолаға барып ақша әкелем де, тұрмыстарын түзеймін» деп уәде берген. Төрт-бес күн ереуіл жасап жұмысқа шықпаған көтерілісшілер капиталисті және байлардың «уәдесіне» амалсыз тоқтады. Ақмолаға кеткен капиталист ақша орнына қарулы отряд алып кеп, көтеріліске басшы болғандарды түгелімен тұтқынға алды да, қол-аяқтарын кісендеп, үскірік қыста Ақмолаға жалаңаш-жалпы күйде жаяу айдап кетті. Өзгелерін «бас көтергеннің бәрін үстеміз» деп қорқытты... Жұмысшылар амалсыз бас иді... Кейін білсем Нілдінің көтерілісі Москва, Петербург сияқты қалаларда 1905 жылы болған революцияның ұшқыны екен. Нілді көтерілісі менің жүрегіме өшпес жара түсірді. Білімім, санасезімім өскен сайын, бұл жара ұлғая берді...

Оның қалай жазылуын білмей жүрген шақта 1912 жылы Омбыға бардым да, учительдік семинарияға оқуға түстім. Оны 1916 жылы бітірдім. Осы уақытта, Омбыда жасырын қызмет атқарып жүрген большевиктермен таныстым. Бүкіл жұмысшы атаулының, бүкіл еңбекші атаулының қанау құлдығынан қалай құтылу жолын маған солар ұйретті. Мен солардың жолына түстім...

1936 жылдың июль айында, қазақ драма театрының кең залында (ол кезде Алматыда одан кең зал жоқ та) өткізілген Сәкеннің юбилейінде хисапсыз көп жиналды. Олар залға сыймады. Біреулер «жиналыс бақшалы кең қораның ішінде өткізілсін» деп еді, көпшілікке орындық жетпейді, жерге отыруға өткен бірер күнде қалын, жаңбыр болғандықтан — дымқос; сондықтан жиналыс залда өтті. Юбилей биік дәрежеде өтті. Одан түнделетіп тараған халық аузындағы сөз: — Бұл, Сәкеннің ғана тойы болған жоқ, бүкіл қазақ совет әдебиетінің бірінші және үлкен тойы болды!..

Март, 1963 жыл.

«Өмір мектебі» кітабынан

► ДАТ, ӘЛЕУМЕТ!

ТАЛАЙДЫ ТАҢҒАЛДЫРҒАН ТАЙЖАН АҚЫН

Тайжан Қалмағанбетұлы 1879 жылы Ұлытау ауданындағы Айыртау бөктерінің Қаратал деген елді мекенінде дүниеге келген. Ақынның әкесі Қалмағанбет елге сыйлы, молдалық құрған тақуа адам екен. Анасы Мейіз «Гәкку» әнімен әйгілі болған қазақтың сыршыл ақыны, әрі әуезді әншісі Үкілі Ыбырайдың туған апасы. Жастайынан ән-жырға, шешендік сөзге әуес болған Тайжанның суырып салып өлең шығаруы ерте байқалады. Алғашқы ақындық атын шығарған «Сегізден бастап сенделдім» деген өлеңін 1892 жылы он үш жасында шығарыпты. Содан бастап өнер жолын қуған ол өз тұсындағы көптеген ақындармен айтысып, халықтың қошеметіне бөленген. Ұлытау өңірінде дүниеге келген Тайжан ақын тек осы аймақты төңіректен қалған адам емес. Талантты ақынның өткір сөзі мен асқақ үні Сырды да, қырды да кезген. Халық ақыны Нартай Бекежанов: «Мен Тайжанды ұстаз тұтамын. Тайжан өні кең құлашты, кербез, терең сырлы, лирикалық шырайлы шығармалар. Даусы құлаққа қонымды. Әуені - әсерлі де мөлдір, үні асқақ, тыңдаушылары әрдайым сүйсініп, сүйіп тыңдайтын еді», - деп сүйсінуі соның айғағы болса керек. Тайжекеңнің бойындағы өнері сан қырлы болған ғой. Ол - ақын, әнші, сазгер, биші, жырау, сайқымазақ, палуан, шабандоз болыпты. Былайша айтқанда дала сахнасының дүлдүлі десе келеді. Дегенмен, халық оны «Тайжан ақын» деп дәріптеген.

Тайжан Арқаның ақиық әншілерінің ортасын емін-еркін аралап өсіп, Біржан, Ақан, Ыбырай сияқты керемет әншілердің туындыларын Ұлытау, Жезқазған жеріне, Сыр бойы мен Қаратау еліне дейін жеткізген. Алғаш рет ақын 1934 жылы Алматыда өткізілген республикалық халық өнерпаздарының слетінде кеңінен танылып, оның талантын ел басшылары да мойындаған. Соған орай қазақ даласының түпкір-түпкірінен келген ақындар арасында Жамбыл Жабаев пен Тайжан Қалмағанбетовке ғана республикалық дербес зейнетақы тағайындалған. Ша-

Қазақ өнеріндегі дүлдүлдердің бірі, ақын әрі әнші Тайжан Қалмағанбетовтің туғанына биыл 145 жыл толып отыр. Академик Қаныш Сәтбаев: «Тайжан Қалмағанбетов - қазақ мәдениетін жоғары көтеріп, дамытуға үлес қосқан жан. Өркендеген өнердің шаңырағын көтеріскен дарын иесі», - деп баға берген екен.



бытына шабыт қосқан Тайжекең 1936 жылы Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысады. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов бұл туралы былай деп жазғаны бар: «Мәскеудегі «Үлкен театрда» кеңес үкіметінің сол кездегі көсемдерінің көзінше өткен алғашқы ақындар мен әншілердің концертін бастау Тайжан Қалмағанбетовтің үлесіне тиді. Гармоньдатқан өжет ақын, ақиық қырандай шарықтап тұрған шағында қазақ халқының ұғымындағы әрі әнші, әрі сазгер нағыз ақын қандай болатынын айдан анық танытты. Ертеңінде Тайжекеңнің өлеңдері барлық одақтық газеттерде жарияланып, Жамбыл атамыздан кейінгі тақуа тұрған қазақ дүлдүлі іспеттес ой тастады. Оның

Жамбылмен, Күләшпен түскен суреттері газеттерде күнбе-күн көрініп тұрды. Өйткені, оның өлеңдерін сол кездегі орыстың әйгілі ақындары Павел Кузнецов, Константин Алтайскийлер аударып, ақынның атағын бүкіл одаққа паш етті. Бұл сапардан Жамбыл орденмен оралса, Тайжан Жоғарғы Кеңестің Құрмет грамотасымен марапатталды».

...Өкініштісі сол, зобалаң жылдарда ел рухын көтеріп жүрген абзал ақынға жала жабылып, 1937 жылғы 21 маусымда «халық жауы» ретінде ұсталып кетті. Қарсақбай түрмесінен кейін Арал теңізіндегі «Барсақалмес» аралындағы абақтыда отырған деген бір дерек бар. Қай жерде, қалай қаза болғаны жайлы нақты ештеңе жоқ. Міне, осылай жазықсыз жапа шегіп, құрбан болған аяулы ақынның мұралары 20 жылдай

жабық дүниелер қатарында жатты. Немересі Жәлел Қалмағанбетов бас болып «Ақын Тайжан» қоғамдық қорын құрып, 2000 жылдардың басында біраз игі іске ұйтқы болған-тын. Соның нәтижесінде 2004 жылы Халықтар достығы мен мәдениеті үйі алдындағы алаңда Тайжекеңнің гармоньын құлаштап тартып отырған кеуде мүсіні орнатылды. Ұмыт бола бастаған Тайжан әндерін тірілтіп, жинақтаумен 40 жылдан аса талмай айналысып жүрген Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Т.Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі Ғалым Мұхамединнің ерен еңбегін ерекше атап айтуға болады. Тайжекеңнің туысқандарынан, одан қалды ел аралап жүргенде біледі-ау деген адамдардан там-тұмдап оншақты әнін үйреніп, өңдеп айналымға шығарды. Біраз әндерін республикалық эфир арқылы таратса, одан қалды алдына келген шәкірттеріне үйретуден жалықпады. Қазірде Ғалымның 90-ға жуық шәкірті Тайжан әндерін орындап жүрген көрінеді. Осы жайлы мағұрлана айтқан ұстаз-әнші:

- Менің көңілімнен кетпейтін бір арманым бар. Жезқазған қаласында Тайжекеңнің бір еңселі ескерткіші бой көтерсе ғой, шіркін деймін. Қазіргі тұрған кеуде мүсіні ертеректе әйтеуір жоқтан бар жасап дегендей, амалсыз қойған дүние ғой. Тайжан ақынның ескерткіші дейтіндей көрнекі дүние керек, - дейді Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Құрметті профессоры Ғалым Мұхамедин.

Иә, өте орынды мәселе. Қарсақбайдан басталған өнерімен бүкіл қазақ даласына мәшһүр болған тарлан талантқа лайықты құрмет көрсетіп, еңселі ескерткіш орнатылса нағыз елдік іс болар еді. Ал, енді ақынның биылғы 145 жылдығы аясында облысымызда, одан қалды Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында бір шара ұйымдастырылғаны туралы тырс еткен хабардың естілмеуі қалай? Тайжекең естен шығар тұлға емес, елеусіз қалып жүрмесін!

Амандық РАХҰЛЫ

► ОЙЛАНАЙЫҚ, АҒАЙЫН!

ЖОЛДЫҢ БОЙЫ ҚОРЫМҒА ТОЛЫП КЕТТІ...

Соңғы кездері көпшіліктің көңілінде жүрген өзекті мәселенің бірі жол бойындағы ретсіз салынып жатқан молалар. Бұл заң жағынан да, адамгершілік жағынан да дұрыс емес деп ойлаймын. Жеріміз көп екен деп, кез келген жерге адамды жерлей берсек, алдағы елу жылда барлық жолдың бойы зиратқа айналмай ма?

Ертеңгі күні, жүз жылдан соң біздің ұрпағымыз айтады ғой, бабаларымыз не ойлаған деп. Әрі беріден соң бұл дегеніміз біздің мәдениетіміз емес пе! Елге келген жат жұрт, туристер не дейді екен!? Мысалы, Жошыханның кесенесіне барар жолд атағы да екі-үш жерде зираттар пайда болды. Бірі Жошыханмен таластырып әкесіне күмбез салған, енді бірі жол бойына барлық әулетіне арнап қорым ашты. Бұны көрген қонақтар, әрине бізге кері баға берері сөзсіз. Дүниежүзінде тап біздегідей бассыздық бар ма екен езі!?

Аруақты сыйлау қанымызда ғой, аруақты қозғау, қорлау мен тіл тигізу со-

нау ықлым заманнан үлкен күнә болып саналады. Ежелден ата-бабаларымыз зират аяқасты болмауын және сара жолдан тыс болуын қамтамасыз ететін. Моланы саусақпен көрсетуге болмайды дейтін үлкендер. Зират маңынан міндетті түрде аттың үстінен түсіп жаяу өту, мезгілсіз кезде қорымға бармау деген ұстаным болған. Ал енді бүгіндері зулаған автокөлік жолдарына марқұмды жерлеу ғұрпы қайдан шыққан екен? Біздің ежелден қалыптасқан дала салты, дәстүрлі діни көзқараспен үйлесімді еді ғой шіркін. Кеңестік дәуірде жол апаты болған жерге, қазіргі солтүстік көрші елдің өкілдері белгі қоюшы еді.



Солардан үйрендік пе, кім білсін әйтеуір аталарымызға жат қылыққа үйір болып кеттік. Бүгінгі күні Жезқазғанға қай жолмен келсеңіз де, алдыңыздан бірімен бірі жарысқан зираттар шығады. Жақсы көңілмен келе жатқан кез келген адамға кері әсерін тигізері анық. Біз жиырма бірінші ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Өркениетті, дамыған елдердің қатарынан орын алу үшін біріншіден өзімізді өзіміз рухани жағынан

тәрбиелеуіміз керек шығар. Өткен ғасырдың 80 жылдары Қытайда мәдени революция жасалған. Санамызды тәрбиелемей бі зайтарлықтай жетістікке жете алар ма екенбіз?! Сі қалай ойлайсыз, ағайын!?

Мұрат ҚАЗАМБАЕВ,
Жезқазған қаласының
ардагерлер кеңесінің
төрағасы

«СОТ КАБИНЕТИ» ТУРАЛЫ

Қазіргі уақытта елімізде азаматтар сот кабинеті арқылы қағазбастылықтан арылып, электронды сот өндірісіне көшуде.

ҚР судьяларының VI съезінде қойылған сот жүйесінің жұмысының сапалы жүргізу процесінде ақпараттық технологиялар енгізу туралы мақсаттарды орындауы бойынша ҚР Жоғарғы Соты «Сот кабинеті» электрондық сервисі іске қосылды.

«Сот кабинеті» - бұл электрондық ақпараттық сервис.

Азаматтар үшін сот ісін жүргізуді жеңілдетіп қана қоймай оның қолжетімділігін қамтамасыз ету барысында іске асырылған.

«Сот кабинеті» электрондық сервисінің басты ерекшелігі – арыздар мен өтініштерді электрондық түрде жолдауға мүмкіндік береді.

Сот кабинетінің қызметі арқылы азаматтар сотқа құжаттарды, арыз шағымдарын осы интернет желісі арқылы жолдап қана қоймай істің барысын қадағалай алады.

Сот кабинеті – ҚР-ның барлық органдарына қолжетімді жүйе. Осылайша жаңа ақпараттық технологиялар сот ісімен үйлесім тауып тұрғындарға қызмет көрсетуді қолжетімді етіп отыр.

Сот кабинеті сервисін пайдалану үшін ғаламтор мен гаджет керек.

Азаматтар жүйеге электронды санды қолтаңба арқылы тіркеліп ақпарат алуға болады. Бұл қосымша отандық сот жүйесінің ең өзекті жаңалықтарын көруге мүмкіндік береді. Қолжетімділік барлық ұялы құрылғылар үшін жүзеге асырылады.

ҚР Жоғарғы Сотының ақпараттық сервисі сотқа жүгіну кезінде азаматтардың құқықтарымен мүдделерін сақталуына кепілдік береді. Сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етеді.



Заңды және жеке тұлғалар электронды санды қолтаңба арқылы сот кабинетінде тіркеліп құжаттарды жолдай алады.

Электронды санды қолтаңба – ол сот органдарының қызметтерімен онлайн сервисіне кіруге рұқсат беретін жалғыз тетік болып табылады.

Ғаламторды пайдаланушылар өз өтініш арыздарын кез келген уақытта жібере алады.

Онлайн режимде мемлекеттік баж салығын төлей алады. Сот құжаттарымен, қаралып жатқан істердің тарихымен таныса алады. Бұл аталған қызметке сот кабинеті мобильдік қосымшасы арқылы да қолжеткізуге болады, яғни сіз аталған қосымшаны ұялы телефоныңызға жүктеу арқылы қосымшаның барлық мүмкіндіктерін пайдалана аласыз. Кезекті сот отырысының уақыты орны мен күні туралы ақпарат қатысушы тараптардың ұялы телефондарына СМС хабарлама ретінде түседі.

Сот кабинеті – бұл азаматтардың уақытын тиімді пайдалануға әкеледі.

**Қызғалдақ ШАЛАБАЕВА,
Жезқазған қалалық сотының
бас маманы.**

РЕЛИГИОЗНЫЙ ЭКСТРЕМИЗМ В МОЛОДЕЖНОЙ СРЕДЕ

Молодежь – это социально-демографическая группа, характеризующаяся возрастными особенностями, специфическими интересами и ценностями, имеющая свое место в обществе.

Данная возрастная социальная группа отличается от других групп населения мобильностью, динамичностью, интеллектуальной активностью, новаторством. Именно молодежь, на наш взгляд, готова к любому начинанию. Поэтому роль и значимость молодежи как основного человеческого ресурса, потенциала общества, проводника социальных изменений переоценить невозможно.

В последние годы современная молодежь Казахстана проявляет больший интерес к религии, чем старшее поколение. Причем они обращаются не только к традиционным религиям, но и нетрадиционным учениям самой разной конфессиональной направленности, особенно нетрадиционного религиозного течения ислама.

Не секрет, что самым сильным средством в борьбе за умы и души граждан считается интернет. Большая часть радикальных религиозных материалов сейчас распространяется через социальные сети.

Именно из-за таких радикальных идей в недалеком прошлом некоторые наши молодые люди, не имеющие жизненного опыта выехали в страну, где шла война с целью создания халифата и стали жертвами этой бессмысленной войны. Убеждающим религиозным обоснованием для участия в такой войне было насаждение радикальных идей, мировоззрений, образа жизни и духа

средневековья.

Такой опасный вид религиозного экстремизма прорастает сегодня во многих странах, в том числе и в нашей стране на почве религиозной безграмотности, отрицание собственной истории, несоблюдения традиций и обычаев своих предков.

Одной из задач проводимых мероприятий является повышение религиозной и религиозоведческой грамотности. Спикеры мероприятий показывают пагубность экстремистских идей, объясняя, что религиозный экстремизм — это «путь в никуда», который формирует мышление, делящий мир на белое и черное, запутывая неокрепшее сознание молодых.

Как член информационно-разъяснительной группы знаю, что в нашей стране проводится большая работа со стороны государственных органов, духовенства, а также других заинтересованных сторон для укрепления в общественном сознании базовых светских ценностей, достижения нулевой терпимости к радикализму. Идет активная разъяснительная работа среди молодежи для дальнейшего продвижения традиционной духовной культуры нашего народа, которая даст положительные результаты.

**Гульсум ЕСМУРЗАЕВА,
Пул экспертов в сфере религии
по области Ылытау.**

► ҰЛАҒАТТЫ ҰРПАҚ

ӘКЕГЕ ҚАРАП ҰЛ ӨСЕР...

Әке — асқар тау. Әкенің еккен ағашы — ұрпаққа сая. Әкеден асар қамқоршы жоқ. Әкеден ұл туса, игі еді, әкенің жолын қуса, игі еді.

Иә, міне, осылай тізбектеліп кете беретін халық даналығы дәл бүгінгі біздің кейіпкеріміздің шын бейнесін ашып бергендей. Баласына да, маңдайынан сипап, мөпелеп өсірген асқар тау әкесіне де, мағынасы жағынан, парасат пайымының барлық сатысы бойынша тура келіп тұр. Себебі: сексен жылдың сеңгірінен асқан «Сәтбаев индустриалдық колледжі» КММ студенті, спорт ойындарының бірнеше мәрте жеңімпазы, «WorldSkills Ulytau - 2024» өңірлік чемпионатындағы Ылытау облысы білім басқармасының II дәрежелі диплом иегері, оқу екіпіндісі Дүйсембай Әлімнің әкесі Дүйсембай Әлімсеит Өтешұлы баласының тәртіп-тәрбиесіне көңіл бөліп қана қоймай, өзі сияқты адал азамат, мықты маман иесі болуына да атсалысып келеді. Ананың ақ уызымен дарыған адамгершілік, «WorldSkills Ulytau - 2024» өңірлік чемпионатына дайындаған жетекшісі Досметова Рабиға Накиповнаның қамқорлығымен келген қызу іске қырағылық әкеден игі туған ұлдың санасына сапалы түрде құйылды.

Әкесі Әлімсеиттің асқар тау, қамқоршы екеніне кішкентайынан көзі жеткен Әлімнің өзі де сол сүрлеу



жолды жалғастырмақшы болып, «Токарь» мамандығын игеруге бет бұрды. Жұмыстың қай саласын болса да қорықпай қолға алу және сол істі ойдағыдай аяқтау, еңбекқорлық, мейірімділік, қайырымдылық, жауап-

кершілік — бәрі де әкенің еккен ағашы еді. Ол, әрине саналы ұрпаққа сая болып қалады. Көп балалы ата-ана үйде де, түзде де жеткіншектеріне тағылым тамашасын таратып отырады. Оған дәлел: Әлімсеит Өтешұлының

ата-аналар жиналысына, Әлімнің сабағын, тәртібін, оқуға құлшынысын білу үшін колледжге келгенде, басқа балаларының да мектебіне барып, олардың да мұғалімдерімен жеке сөйлесіп, әрқайсысының мектептегі жағдайларынан үнемі хабардар болып отыратындығында. Ол өзі еңбек етіп жүрген № 57 шахтаның машинисі екенін сүйсіне баяндайды және балаларымен түрлі тақырыпта әңгіме-дүкен құрады. Басты мәселе: үлкенге — ізет, кішіге — құрмет. Біреудің ала жібін атамау, артық ауыз сөз сөйлемей де — әдепті әкенің балалар санасына құяр басты ұстамы.

«Әкеге қарап ұл өсер» демекші, Әлім де саналы азамат, елі сүйген еңбек адамы, түсінігі мол жігіт болады деп үміттенеміз. «Әке көрген оқ жонар» деп халқымыз қалт айтпаған болар. Жүзі игі, жаны жомарт, балаларын бақытым деп санайтын, еңбекқор әкеден тәлім алып отырған бүгінгі колледж студенті, келешегінен үміт күттірер Дүйсембай Әлім де әкесі сияқты апталдай азамат, адал еңбек иесі болады деп үміттенеміз.

**К.ИБРАЕВА,
Сәтбаев индустриалдық
колледжінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің оқытушысы.**

«ЕКІ ӨҢІРГЕ ТЕЛ ТҰЛҒА»

Ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына байланысты іс-шаралар легі одан әрі жалғасын табуда. Соның бірі – «Екі өңірге тел тұлға» тақырыбымен ұйымдастырылған танымдық-тарихи экспедиция. Қара шаңырақ Қарсақбайдан Қанекеннің кіндік қаны тамған Баянауыл өңіріне сапар шеккен экспедицияны ұйымдастыруға Сәтбаев қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мұрындық болды.

Экспедиция құрамында өлкетанушы Тоңболат Мұханұлы, Қазақстанның Еңбек Ері Тұрсынбек Мақышев, тарихшы Ғабдол Әуезов, Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер Сарайының бөлім меңгерушісі Гүлсара Жиенәлиева, облыстық «ULYTAU» телеарнасының басшысы Базаркүл Үмбетова мен осы жолдардың авторы, сондай –ақ, Жезді тау –кен және балқыту ісі музейінің, Қ.Сәтбаев атындағы музейдің және «Ұлытау» Ұлттық қорығының қызметкерлері, ақындар, әншілер, барлығы 20-дан аса адам болды.

Жолсапар қарашаңырақ Қарсақбайдан басталды. Қаныш пен Қарсақбай – егіз ұғым. Ұлы ғалым Қарсақбайда 1929-1941 жылдары тұрған үй бүгінде Қ.Сәтбаевтың музей – үйіне айналған. Мұнда барсаңыз, босағасынан аттананан-ақ ұлы рухпен тілдескендей күйге бөленесіз. Есік алдында Қаныш Имантайұлының қауырт шаруадан қолы қалт еткенде шаршағанын басқан биллярд ойынының тақтайшасы тұр. Ал, қасында Қанекеннің биллярд ойнап жатқан суреті ілінген. Сол қалпында сақталған. Ескі тарихқа деген жанашырлық осындай болса керек-ті.

М.Төрегелдин атындағы Жезді тау –кен және балқыту ісі мұражайының директоры Зейпін Қазанбаева Қаныш Сәтбаев Музей – үйіндегі әрбір экспонаттың тарихын соншалықты кереметтей білетіні таңдандырмай қоймайды. Экспедиция мүшелері оның таныстырылымын ұйып тыңдады. Бұл үйдің кезінде бір басында Қаныш Имантайұлының отбасы, ал, екінші жағында геологиялық партияның кеңсесі орналасқан екен. Қазіргінің қай шенеунігі осындай жағдайда жұмыс істеуі мүмкін?! Тамақ әзір болғанда Таиса Алексеевна қабырғаны тықылдатып, кеңседегілерді дастархан басына шақырады екен. Ғажап қой! Ас үйдегі тұрған самаурын, кесе, тігін машинасы, бәрі – бәрі көзге жылы ұшырап, көңілге шуақ себетіндей. Музей –Үй туралы оқығаннан гөрі, барып көрген абзал. Сондықтан біз де сөзді келте қайырып отырмыз.

Экспедиция сапарынан хабардар болған кент басшылығы шағын, бірақ, шырайлы іс-шара ұйымдастырып қойыпты. «Ақ әжелер» ансамбілінің мүшелері экспедицияға ән-шашу арнаса, кент әкімі Асылхан Әлімсейіт ақ жол тілеп, шығарып салды. Мың алғыс, осындай құрмет, қошеметтері үшін қарсақбайлықтарға!

Қаныш қаласындағы Қаныш Сәтбаев ескерткішіне гүл шоқтарын қойған



экспедицияға қаланың Құрметті азаматы, қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Сабыр Омаров ақ батасын берді.

Баянауылға бағыт алған экспедиция Жаңаарқаға жақындағанда қазақтың ұлы перзенттерінің бірі Ақселеу Сейдімбектің мәңгілік тыныс тапқан мекеніне арнайы бұрылып, оның рухына дұға бағыштады. Аудан орталығындағы жуырда қойылған ескерткішін де сүйіспеншілікпен тамашалады.

«Жол мұраты – жету» деген айтуға ғана оңай. Қаныш Имантайұлының кіндік қаны тамған Теңдік топырағына қас қарайған шақта әзер жеттік. Бірақ... Қазір Мұса Шорманов ауылы деп аталатын ауылдың әкімі Мейіржан Ержанұлы бастаған, арасында әнші – күйші, өнерпаздары бар, бір топ азаматтар бізді тағатсыздана күтіп тұр екен.

Бұл ауылда Қанекеннің шапағаты шығар, кейінгі жылдары оң өзгерістер көбірек болып жатқанға ұқсайды.



Айталық, шағын ауылдағы еңселі Мәдениет Үйін көргенде таңданысымызды жасыра алмай қалдық. Мектеп күрделі жөндеуден өтіп жатқандықтан, бас сұға алмадық. Бірақ, өкінбедік...Ауыл жолдарына жаңадан асфальт төселген. Енді барлық үйге бір үлгідегі шарбақтар орнатуды «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС қолға алмақ екен. Тамаша ғой!

Қаныш атамыз дүниеге келген үйдің, ол оқыған мектептің орнын көрдік, қойылған ескерткіштерді медет тұттық, ғалымның әке-шешесі, нағашылары жатқан қорымдарға барып, әруақтарға тағзым еттік.

Ауыл адамдарымен өтетін кездесуге біздің дабысымызды есітіп ешқандай шақыртусыз келген айтыскер ақын Жүмкен Сейітовке, Қазақстанның Еңбек Ері Ришад Әміреновке қалай риза болмайсың?

Мұса Шорманов ауылынан соң Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кесенесіне



барып, тәу етудің сәті түсті. Мәшекең кезінде Қанышқа батасын берген адам. Құрбан шалдық. Мәшекеңнің өзі отырған үйіне бас сұғып, құдығынан су іштік. Музейі экспонаттарға бай екен.

Басынан бұлт кетпейтін Баянауыл басында сол өңірден шыққан көптеген тұлғалардың ескерткіші орнатылған. Солардың ішінде Шәкен Аймановқа қойылған ескерткіш алабеттен ерекшелігімен көз арбайды. Ескерткішке қарасаң, тірі Шәкенді көріп тұрғандайсың.

Баянауылдағы Қ.Сәтбаев музейінде жергілікті халықпен келелі кездесу болды. Пікір алмасу форматында өткен кездесу әдемі әндермен, ойлы өлеңдермен әдіптеліп, тіпті тамаша әсерге бөледі.

Кездесуден соң жол Сұлтанмахмұт Торайғыровтың кесенесіне түсті. Бұл кесенені қазақтың тұлғалы перзенті Әбіш Кекілбай сол өңірден Жоғарғы Кеңес депутаты болып сайланған жылдары Маңғыстаудың ақ мәрмәрінен тұрғызған екен. Осыдан соң «Қазақ қазаққа дос, жолдас және бауыр» демеске бола ма?

Осыдан бірнеше апта бұрын Кереку өңірінен де біздің аймаққа «Қаныштың ізімен» деп аталған экспедиция келіп кеткені белгілі. Бұл туралы газетте мақала жариялағанбыз. Сол жолы қалалық Ақсақалдар алқасының төрағасы Өтеш Ахметов ағамыз бас болып біздер Сәтбаевта оларды түнгі сағат біржарымның кезінде ән –күймен, салтанатпен қарсы алған едік. Қара шаңырақ Қарсақбай да солай жасаған еді. «Сыйға – сый» деген сол ғой, Баянауылға барған экспедицияны күтіп алып, дастархан жайған Павлодардан, Екібастұздан, т.б. жерлерден жиналған жастардың намысшылдығы тәнті етті. Олардың «Сіздер үлкен бастарыңызбен өткенде біздің алдымыздан жүгіріп шыққанда, біз қалай үйімізде үнсіз жата аламыз?» деген көңілдерін көріп, қазақы тілмен айтқанда, ішпей-жемей мас болдық.

Әрине, айта берсе, әңгіме таусылмайды. Экспедиция біраз тың мәлімет, деректер алып қайтты. Бұл алдағы уақытта арнайы документальды фильм болып халыққа жол тартатын болады.

А.ДАСТАНОВ

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1012 Заказ 914

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.